



Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жанындағы Ұлттық заң агенттігі туралы ережені бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2 сәуір 1996 ж. N 379. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.01.21. N 26 қаулысымен. ~P980026

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық заң агенттігі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ұлттық заң агенттігіне қажетті қызмет үй-жайы мен ұйымдастыру ісінің техникасын бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 2 сәуірдегі
N 379 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің

Ұлттық заң агенттігі туралы

Е Р Е Ж Е

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық заң агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстанның және шетелдердің заңды тұлғалары мен жеке адамдары Қазақстан Республикасының және шетелдердің аумақтарында қызметін жүзеге асырған кезде оларға заңдық (адвокаттық) сипаттағы жұмыстарды орындау мен қызмет көрсетуге арналған мамандандырылған ұйым б о л ы п т а б ы л а д ы .

Агенттік қызметінің мақсаты - Қазақстан Республикасында демократиялық

құқықтық мемлекет құруға жәрдемдесу, мемлекеттің, заңды тұлғалар мен жеке адамдардың мүдделерін құқықтық жағынан қорғау.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ осы Ереже негізінде жүзеге асырады.

Агенттіктің қызметіне жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

II. Агенттіктің міндеттері

3. Агенттіктің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік өмірінің құқықтық негіздерін дамыту мен нығайтуға жәрдемдесу;

2) Қазақстанның және шетелдердің заңды тұлғалары мен жеке адамдары Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің аумақтарында іске асыратын заңдық сипаттағы жұмыстары мен қызметтерінің тиімділігін нақты қамтамасыз ету;

3) мемлекеттің және Қазақстанның заңды тұлғалары мен жеке адамдарының экономикалық мүдделерін құқықтық жағынан қорғау;

4) таяу және алыс шетелдердегі қазақ диаспорасына құқықтық көмек көрсету;

5) министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін өзге де орталық және атқарушы органдарға, жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға жүзеге асыратын қызметінің заңдылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

6) құқықтық білімді насихаттауға, құқықтық жаппай білім беруді ұйымдастыруға және заңдарды түсіндіруге қатысу.

III. Агенттіктің функциялары

4. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды іске асырады:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі банк саласында, минералдық ресурстарды пайдалану саласында Қазақстан Республикасының кепілдігімен шетел капиталын тартуға байланысты жобалар жөнінде, мемлекеттік мүлікті жекешелендіру мәселелері жөнінде, сақтандыру саласында

құқықтық сараптауды жүзеге асыруы үшін материалдар әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің соттарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің, сондай-ақ Үкімет мекемелері мен мемлекеттік кәсіпорындардың мүддесін (қаламақы төлемей-ақ) білдіре алады;

3) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі үшін заемшының (Legal opinion) Қазақстан Республикасының кепілдігімен алынатын кредиттер мен заемдарды заң жүзінде бағалауы жөнінде материалдар әзірлейді;

4) Қазақстан Республикасының аумағында құқықтық ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдер жасалмаған шет мемлекеттердің азаматтарына, сондай-ақ шет мемлекеттердің аумағында Қазақстан Республикасының азаматтарына мұрагерлік және отбасылық-некелік мәселелер жөнінде қызмет көрсетеді;

5) нақты іс атқару (азаматтық алу) мәселелері жөнінде құқықтық көмек көрсетеді;

6) теңіз немесе әуе тасымалдарынан туындайтын даулар бойынша Қазақстан жағының агенті ретінде әрекет жасайды;

7) мемлекеттік кәсіпорындардың банкрот болуы туралы, оның ішінде қайта құру үрдістерін жүргізу (борышкердің мүлкін сырттай басқару, санация) және тарату жұмысын жүзеге асыру мәселелерін қоса алғанда банкроттық туралы іс жөнінде құқықтық консультант ретінде әрекет жасайды;

8) Қазақстанның және шет елдердің заңды тұлғалары мен жеке адамдары Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің қызметін жүзеге асырған кезде оларға адвокаттық сипаттағы қызмет көрсетеді;

9) клиенттің тапсырмасы бойынша жылжымайтын мүлікке және ақшалай қаражатқа сенім көрсету арқылы басқаруды жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының заңдарын және шет мемлекеттердің заңдарын қолдану мәселелері жөнінде заң кеңесін беру саласында жұмыстар атқарады және қызмет көрсетеді;

11) меншіктің және ұйымдық нысандардың барлық түрлеріндегі кәсіпорындар құру (қайта құру) жобаларын әзірлеу, оларды дайын күйінде іске асыру (оның ішінде оларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеу жөнінде құрылтай құжаттары мен заң көмегін әзірлеу) жөнінде қызмет көрсетеді;

12) Қазақстанның заңды тұлғалары мен жеке адамдарына шет мемлекеттердің аумағында кәсіпорындар құру мен тіркеу жөнінде қызмет көрсетеді;

13) Қазақстан Республикасының аумағында жылжымалы және жылжымайтын мүлікпен мәміле жасау және тіркеу кезінде қызмет көрсетеді, сондай-ақ шет елдерде жылжымайтын мүлікке ие болу және сақтандыру мәселелері жөнінде Қазақстан жағының агенті ретінде әрекет жасайды;

14) олардың тапсыруымен Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін мемлекеттік және өзге органдарда,

мекемелер мен ұйымдарда, сондай-ақ соттарда Қазақстанның және шет елдердің заңды тұлғалары мен жеке адамдарының мүддесін білдіреді;

15) жалпы және заңдық сипаттағы ақпарат материалдарын жинайды, талдау жасайды, өңдейді және сатады, зерттеу бағдармаларын орындайды;

16) комиссияның шарттары, тапсырмалар, агенттік келісімдер негізінде сенім көрсетушілердің қызметін жалпы және заңдық қамтамасыз етуге бағытталған сенім білдіру сипатындағы жұмыстарды орындайды;

17) құқықтық тақырып жөнінде оқу үрдістерін ұйымдастырады;

18) шетелдердің тиісті ведомстволарымен және ұйымдарымен агенттіктің қызметі мәселелері жөнінде байланыс орнатады және ынтымақтастықты да м ы т а д ы ;

19) өз қаражаты шегінде белгіленген тәртіппен құқық

проблемалары жөнінде халықаралық конференциялар, симпозиумдар, семинарлар, оқу курстарын өткізуді ұйымдастырады;

20) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызметтер көрсетеді.

IV. Агенттіктің құқықтары

5. Алға қойған мақсаттарын, міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін Агенттікке:

1) жылжымалы және жылжымайтын мүлікпен, ақша қаражатымен мәмілелер және басқа заң актілерін жасау;

2) өзінің қызметіне келісім-шарт негізінде мамандандырылған заңдық, адвокаттық, аудиторлық және басқа (оның ішінде шетелдік) фирмаларды, білікті адвокаттарды, аудиторларды және басқа мамандарды өз қаражаты есебінен риясыз негізде тарту құқы беріледі. Контракт шарттарын Агенттік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және халықаралық практиканы ескере отырып, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтің көлемі мен сипатына қарай б е л г і л е й д і ;

3) белгіленген тәртіппен филиалдарды және өкілдіктерді, оның ішінде шет мемлекеттердің аумақтарында құру, қайта құру, жою;

4) орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін жұмыстың құнын (оның ішінде заң қызметін тегін жасау), сондай-ақ қаламақы саясатын дербес айқындау, өз қызметін, мүлкі мен тәуекелін сақтандыру;

5) Агенттік аппаратының құрылымын белгілеу, штат санын және оны ұстауға

кететін шығын сметасын Агенттіктің өз қаражаты шегінде дербес бекіту құқы беріледі.

Ү. Агенттіктің жұмысын ұйымдастыру

6. Агенттік өзін-өзі қаржыландыру және өзін-өзі ақтау, оның ішінде шетелдік валютамен ақтау принципінде жұмыс істейді.

7. Агенттікті төраға басқарады, оны Қазақстан Республикасының Әділет министрі қызметке тағайындайды және босатады.

Агенттік төрағасының орынбасарлары болады, оларды Қазақстан Республикасының Әділет министрімен келісе отырып, қызметке төраға тағайындайды және босатады.

Төраға жоқ кезде оның міндеттерін төрағаның өзі уәкілдік берген орынбасарларының бірі атқарады.

8. Ұлттық заң агенттігінің төрағасы:

1) Агенттіктің қызметін дара басшылық негізінде басқарады, Агенттікке жүктелген міндеттерді орындау үшін дербес жауап береді;

2) Агенттік төрағасының орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөліп береді;

3) өз құзыреті шегінде бұйрықтар, өкімдер шығарады, нұсқаулар береді және олардың орындалуын тексеріп отырады;

4) Агенттік аппаратының қызметкерлерін, Агенттік филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) Қазақстанның және шетелдердің органдарымен, мекемелерімен және ұйымдарымен, заңды тұлғаларымен және жеке адамдарымен қарым-қатынаста Агенттіктің атынан ресми түрде жұмыс жүргізеді;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық заң агенттігі заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының мемлекеттік гербі бейнеленген және қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының банктерінде есеп шоты және басқа шоттары болады.